



УӘДЕ КӨП,
НӘТИЖЕ ЖОҚ...

5

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №8 (6686) 27 қаңтар, сейсенбі, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

ДОДА

АЛМАТЫ СПОРТШЫЛАРЫ

Милан-Кортина – 2026 Олимпиадасына 12 лицензия жеңіп алды



Қаламыздың атынан Милан-Кортина – 2026 қысқы Олимпиада ойындарында төрт қысқы спорт түрінен 12 олимпиадалық лицензия алған алты спортшы өнер көрсетеді. Бұл туралы Алматы қаласының Спорт басқармасының өкілдері хабарлады.

Айта кетейік, XXV қысқы Олимпиада ойындары 6–22 ақпан күндері өтеді. Алматыдан ұлттық құрама сапына енген спортшылар: Михаил Шайдоров – мәнерлеп сырғанау, Евгений Кошкин – конькимен жүгіру спорты, Александра Скороходова, Ростислав Хохлов – тау шаңғысы спорты, Илья Мизерных, Данил Васильев – шаңғымен тұғырдан секіру (үш дисциплина бойынша).

3

«ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ»

ТЕЛЕФОНҒА ТӘУЕЛДІЛІК

бала миының дамуын тежейді

Алматыда соңғы жылдары балалардың психикалық саулығына қатысты мәселе қоғам назарын аударуда. Өткен жылғы ресми мәліметке сәйкес, мегаполисте 3000-нан астам бала психодиспансерлік тіркеуде тұр.

Дәрігерлер не дейді?

Мамандар бұл көрсеткіштің жыл сайын өсіп келе жатқанын жасырмайды. Ең алаңдатарлығы, тіркеуде тұрған балалардың басым бөлігі смартфон мен гаджетке тәуелді. Қазіргі таңда бала үшін телефон тек байланыс құралы емес, тұтас бір әлемге айналған. Ал ол әлем баланың жас ерекшелігіне сай келмейтін ақпаратқа, зорлық-зомбылық элементтеріне, агрессияға, тәуелділікке толы. Ата-анаға қауіпсіз көрінетін ойындар мен әлеуметтік желілер баланың ойлау қабілетін тежеп, жүйке жүйесіне ауыр салмақ түсіруде. Мамандар дер кезінде көмек көрсетілмесе, мұндай тәуелділіктің соңы ауыр психикалық ауытқуларға алып келуі мүмкін екенін ескертеді.

Психикалық денсаулық орталықтарына жеткізілетін балалардың жағдайы да дәрігерлерді алаңдатып отыр. Ұйқысы бұзылған, ашушаң, өз-өзіне тұйықталған,



кей жағдайда шынайы өмір мен виртуалды әлемнің аражігін ажырата алмайтын балалар көбейген.

Алматы қаласы бойынша Психикалық денсаулық орталығының директоры

Сапар Рахменшеев соңғы кездері кездесетін жағдайлардың бұрын-соңды болмаған деңгейге жеткенін айтады. Оның сөзінше, гаджетке тәуелділік баланың миына кері әсерін тигізуде.

4

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:




@AQSHAMY_KZ



@TikTok



@AQSHAM_NEWS



www.aqshamnews.kz





ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

Сарапшылар саяси жүйені талқылады



Рахман АЛШАНОВ,
«Тұран» университетінің ректоры,
Қазақстан ЖОО қауымдастығының
президенті:

Конституция қағаз жүзінде ғана жүзеге аспауы керек

Конституциялық реформалар жөніндегі комиссияның алғашқы отырысы елдің саяси, әлеуметтік, экономикалық әрі құқықтық дамуы үшін аса маңызды екенін аңғартқандай. Себебі, Конституция – мемлекеттің тек негізгі заңы ғана емес, қоғамның даму бағытын айқындайтын, азамат пен билік арасындағы сенімнің құқықтық іргетасы.

Кез келген реформаның Конституциядан басталуы заңды. Өйткені, дәл осы құжатта мемлекеттің құндылықтары, билік тармақтарының өзара тепе-теңдігі, азаматтардың құқығы мен бостандығының кепілдігі айқындалады. Қоғам өзгерген сайын Конституция да заман талабына сай жетілдірілуі орынды шығар, бірақ қабылданған заң қайта-қайта өзгертілмеуі тиіс. Комиссияның жұмысы осы қажеттіліктен туындап отыр.

Алғашқы отырыстың маңыздылығы – реформалардың формалды сипатта емес, жүйелі әрі терең талдау арқылы жүргізілуіне жол ашуында. Бұл кезеңде ең бастысы – Конституцияның қағаз жүзіндегі нормалары емес, оның нақты өмірде қалай жұмыс істейтініне назар аудару. Яғни азаматтардың құқығын қорғау тетіктері, билік институттарының жауапкершілігі және заң үстемдігін қамтамасыз ету мәселелері алдыңғы қатарда болуы қажет. Сонымен қатар, Конституция – ұлттық бірлік пен тұрақтылықтың басты тірегі. Оны жаңғырту қоғамды бөлетін емес, біріктіретін үдеріс болуы тиіс. Сондықтан комиссия жұмысына кәсіби сарапшылармен қатар, қоғамдық пікірді ескеру, ашықтық пен диалог қағидаттарын сақтау аса маңызды.

Елдің болашақ саяси архитектурасын айқындайтын маңызды қадам басталмақ. Егер реформалар Конституцияның мәні мен рухын сақтай отырып жүзеге асса, бұл құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайтып, азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыра түседі.



Ермек ҚОЖАМСҮГІРОВ,
Алматы қаласы Қоғамдық
кеңесінің белсенді мүшесі, атом
энергетикасы бойынша сарапшы:

Құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам

Конституциялық реформалар жөніндегі комиссияның алғашқы отырысы – елдің саяси-құқықтық дамуы жолындағы айрықша мәнге ие кезеңнің басталуы. Бұл жиын формалды бастама ғана емес, мемлекетті басқару жүйесін жаңғыртуға бағытталған терең институционалдық өзгерістердің нақты басталғанын көрсетеді.

Жаңа Қазақстан дүние жүзіндегі саяси өзгерістерге дайын болуы керек. Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия ел назарындағы басты мәселелерді шешуге ұмтылады. Өйткені, нағыз азаматтық қоғамның көкейкесті сұрақтары тек заңнамалық тұрғы арқылы шешіледі. Мәжіліс – Сенат – Министрлік арасындағы талқылау жеңілдеп, заң қабылдау процесі жеделдейді. Бір палата-лы парламенттік реформа Сенат пен Мәжіліс арасындағы бұрыннан қалыптасқан ұсақ келіспеушіліктерді шешеді.

Комиссия құрамына әртүрлі сала өкілдерінің – заңгерлердің, саясаттанушылардың, азаматтық қоғам мен ғылыми қауымдастықтың қатысуы ұсынылып отырған бастамалардың біржақты емес, жан-жақты әрі қоғамдық мүддені ескеретін сипатта болуына мүмкіндік береді. Бүгінде Қазақстанда 8 партия бар, бірақ елдегі партия саны екеу болған дурыс. Ал әр партияны мемлекет қаржыландыру керек. Әйтпесе, бизнес өкілдері мен шетелдік компаниялар саяси партияларды қаржыландыратын болса, олар өз мүдделерін ойлап, конституциялық қауіпсіздігіміз бұзылуы ықтимал.

Бұл кезеңде ең маңыздысы – Конституцияны «түзету объектісі» ретінде емес, қоғам мен мемлекет арасындағы қоғамдық келісімнің «тірі» құжаты ретінде қарастыру. Яғни реформалар билік институттарының өзара тепе-теңдігін күшейтуге, адам құқықтарын қорғау тетіктерін нақтылауға және жергілікті өзін-өзі басқарудың рөлін арттыруға бағытталуы тиіс.

Сондай-ақ, алғашқы отырыс ашықтық пен диалог қағидаттарының сақталатынын аңғартты. Егер комиссия жұмысы алдағы уақытта да қоғамдық пікірге сүйеніп, сараптамалық талдауларға негізделсе, бұл реформалардың легитимділігі мен ұзақмерзімді тиімділігін қамтамасыз етеді.

Конституциялық комиссияның алғашқы отырысы – құқықтық мемлекет құру жолындағы саяси ерік пен қоғамдық сұраныстың тоғысқан тұсы. Ендігі міндет – осы бастаманы мазмұнды, сапалы және нақты нәтижелерге жеткізу.

Әзірлеген Дана САДЫРҚАН.

ЖАРИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ

Конституциялық реформа жөніндегі комиссия отырысында не талқыланды?

24 және 26 қаңтарда Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның алғашқы отырыстары өтті. Қатысушылар ҚР Конституциясына өзгерістер енгізу бойынша негізгі ұсыныстарды егжей-тегжейлі қарастырды. Ал екінші жиында 2025 жылдың қазан айынан бастап түскен ұсыныстар негізінде әзірленген құқықтық тәсілдер мен түзетулер ұсынылды.

Ауқымды міндет жүктелген

Конституциялық реформа жөніндегі комиссия Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастама-сымен 2026 жылы 21 қаңтарда құрылды. Президент мұндай бастаманы 20 қаңтарда Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында көтергені мәлім. Комиссия бұған дейінгі Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының атқарып келген жұмысын ауқымды деңгейде жалғастырмақ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы 8 қыркүйектегі халыққа Жолдауында «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы негізінде бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтерген. Осы бастаманы жүзеге асыру мақсатында 8 қазанда Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобының құрамында басшылық құраммен қоса алғанда, 33 адам мүше болды. Бастапқыда Парламенттік реформа аясында Ата Заңның 40-қа жуық бабын өзгерту жоспарланған. Алайда, жұмыс барысында өзгерістердің ауқымы кеңейген. Сондықтан Президент Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Конституциялық комиссия құру туралы шешім қабылдағанын жеткізген еді.

Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның бұрынғы жұмыс тобына қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар және мәртебесі жоғары. Яғни ҚР Президенті жанындағы консультативті-кеңесші орган. Қала берді, жұмыс тобы Парламенттік реформа аясында әрекет етсе, комиссия Конституциялық реформа аясында жұмыс істейді. Екіншіден, комиссия мен жұмыс тобының құрамы әртүрлі. Бұл басшылық құрамынан да, мүшелер санынан да көрініс тапқан. Жұмыс тобында басшылық құрам үшеу болды. Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин жұмыс тобының жетекшісі, Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаев пен Президентінің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі Арман Қырықбаев жұмыс тобы жетекшісінің орынбасарлары ретінде қызмет етті.

Ал комиссияның басшылық құрамы төртеуден құралған. Олар: Конституциялық комиссия төрағасы – ҚР Конституциялық Сотының төрағасы Эльвира Әзімова; Комиссия төрағасының орынбасарлары – ҚР Мемлекеттік Кеңесшісі Ерлан Қарин мен ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева; Конституциялық комиссияның хатшысы – ҚР Прези-



(Дереккөз: https://t.me/consot_kz)

денті Әкімшілігі Мемлекеттік құқық бөлімінің меңгерушісі Айдар Жарылғанов.

Құрамына келер болсақ, жоғарыда атап өткеніміздей, жұмыс тобында 33 мүше болса, комиссияда 100-ден аса адам мүше болды. Бұл комиссия жұмысын ашықтық, жариялылық және қоғамдық келісім аясында атқаруға әсер етеді. Сонымен қатар, комиссияның Конституциялық Соттың басшылығымен жұмыс істеуі реформаның саясиленбауын, заң мен тәртіп қағидатының сақталуын қамтамасыз етеді.

Маңызды отырыс, салмақты ұсыныс

Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның алғашқы отырысында Конституциялық Сот Төрағасы, Конституциялық комиссияның төрағасы Эльвира Әзімова, ҚР Мемлекеттік кеңесшісі және Конституциялық комиссия төрағасының орынбасары Ерлан Қарин, Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаев, Мәжіліс депутаттары Үнзила Шапақ, Марат Бәшімов, Елнұр Бейсенбаев, Мұрат Әбеннов және Азат Перуашев, «Қазақстан заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серік Ақылбай, Қазақстан Республикасының адам құқықтары жөніндегі уәкілі Артур Ластаев, Адвокаттардың республикалық алқасының төрағасы Мәди Мырзағараев, Қолданбалы экономикалық зерттеулер орталығының ғылыми жетекшісі Жақсыбек Күлекеев, «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бас директоры Дихан Қамзабекұлы, Парламент Сенаты Төрағасының орынбасары Жақып Асанов, «ҚазГЗУ университеті» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Талғат Нәрікбаев, Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев сөз сөйледі.

Комиссия мүшелері мынадай ұсыныстарын ортаға салды:

• **Мәжіліс депутаты Үнзила Шапақ ұлттық мемлекетті нығайту және республиканың идеологиялық бағытын айқындау үшін Конституцияның преамбуласын жаңартуды ұсынды;**

• **Мәжіліс депутаты Марат Башимов алдағы болатын қайта құрулардың саяси тұрақтылықты нығайтуға, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға және азаматтардың құқығын қорғауға бағытталғанын атап өтті;**

• **Қазақстан заңгерлер одағының төрағасы Серік Ақылбай Конститу-**

цияда дінді мемлекеттен бөлу туралы тікелей норманы бекітуді ұсынды;

• **Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы Мәди Мырзағараев азаматтардың құқығы мен бостандығын нығайтуға бағытталған бірқатар ұсыныстар айтты. Әсіресе, соттың санкциясыз қамауда ұстау мерзімін 72 сағаттан 48 сағатқа дейін қысқарту қажеттігін атап өтті;**

• **Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаев әмбебап және барлығына бірдей қарттар мен сәбилерге, ерлер мен әйелдерге, дінге сенушілер мен атеистерге қолданылатын іргелі адам құқықтарын бекіту қажеттілігін атап өтті. Оның пікірінше, негізгі бостандықтардың ішінде өзіне және жақындарына қарсы куәлік бермеу және өзінің кінәсіздігін дәлелдеу құқығын тікелей көрсету қажет;**

• **Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаев Конституцияда тек ер мен әйел арасындағы некені бекітуді;**

• **Мәжіліс депутаты Мұрат Әбеннов Конституцияда зияткерлік меншік пен шығармашылық бостандықты қорғау туралы нормаларды бекітуді ұсынды;**

• **«Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры, белгілі журналист Дихан Қамзабекұлы білім беру және тәрбие жүйесіндегі зайырлылық қағидаттарын нығайту мәселесін көтерді;**

• **М.С.Нәрікбаев атындағы Қазақ мемлекеттік заң университетінің басқарма төрағасы Талғат Нәрікбаев Конституциядағы терминологияның сәйкессіздігін жоюды;**

• **Сенат Төрағасының орынбасары Жақып Асанов интернет-алаяқтыққа қарсы тұру үшін конституциялық негіздерді нығайтуды ұсынды;**

• **Мәжіліс депутаты Азат Перуашев азаматтар мен бизнестің жеке меншігін конституциялық қорғауды күшейтуді;**

• **Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев жекелеген аумақтар үшін арнайы құқықтық режимдерді конституциялық тұрғыдан бекітуді ұсынды.**

Комиссияның екінші отырысында Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев, Сенат депутаты Нұрлан Бекназаров және Мәжіліс депутаты Снежанна Имашева сөз сөйледі. Жиында 2025 жылдың қазан айынан бастап түскен ұсыныстар негізінде әзірленген құқықтық тәсілдер мен түзетулер ұсынылды. Оның ішінде «Құрылтай», «Халық кеңесі» бөлімдері талқыланды.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





ҒАРЫШТЫҚ БАЙЛАНЫС

Генерал-лейтенант Әділ Шаяхметов атындағы ғылыми зертхана ашылды

Алматыдағы Сәтбаев университетінде генерал-лейтенант Әділ Шаяхметов атындағы Ғарыштық байланыс зертханасының ашылу рәсімі өтті. Қайраткердің 70 жылдық мерейтойына арналған салтанатты іс-шараға университет басшылығы, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов, ғарышкер, Халық қаһарманы Айдын Айымбетов, генерал-полковник Сәт Тоқпақбаев, сондай-ақ саланың жетекші мамандары мен құрметті қонақтар қатысты.



Дана
САДЫРҚАН

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мен Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының Ә.Шаяхметовке арналған құттықтау хатын оқыды.

«Сіздің саналы ғұмырыңыз – елге адал қызмет етудің жарқын үлгісі. Сіз Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін нығайтуда, қоғамдық тұрақтылық пен ел қауіпсіздігін сақтауда, инженерлік және техникалық білімнің дамуында зор үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерісіз. Кәсіби қызметіңіз еліміздің ғылыми, білім беру және мәдени орталығы саналатын Алматы қаласымен тығыз байланысты. Қаланың тұрақты дамуына, қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға және зияткерлік әлеуетін

арттыруға қосқан үлесіңіз айрықша мәнге ие. Сізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, отбасыңызға амандық тілейміз. Ел игілігі жолындағы еңбегіңіз әрдайым жоғары бағаланып, абыройыңыз асқақтай берсін», – делінген Алматы қаласы әкімінің құттықтау хатында.

Іс-шара барысында Әділ Шаяхметовке шапан жабылып, «Ел қорғаны» медалі табысталды, сондай-ақ «Дәуір тұлғалары» атты кітаптың тұсауы кесілді.

Ө.А.Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институтының директоры, Қ.Сәтбаев университетінің түлегі Қанай Рысбеков Әділ Шаяхметовтың тау-кен саласындағы еңбегін ерекше атап өтті.

– Әділ ағамыз ынта-жігерінің арқасында бүгінгі генерал-лейтенант дәрежесіне дейін жетіп отыр. «Ғылымды, білімді және қауіпсіздікті тоғыстырған есім» атты конференцияның аты айтып тұрғандай, сана мен ерлікті ұштастыру аса маңызды. Әділ Шаяхметов қауіпсіздік қызметінде жүрсе де, респуб-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ликамыздың әр өңіріндегі білім саласына атсалысып жүрген жандардың бірі. Қазақ ұлттық техникалық университетінде ашылып жатқан зертхана студенттерге аса қажет. Өндіріс пен білімді қатар меңгерген студенттер инженерия саласындағы жұмыс орнына дайын кадр болып барады, – деді ол.

Жаңа орталық университеттің тарихи Тау-кен металлургия корпусында орналасқан. Ол спутниктік технологиялар, навигация және Жерді қашықтан зондау бағыттары бойынша болашақ инженер мамандарды даярлауға бағытталды. Оқу-зертханалық база заманауи VSAT спутниктік антенналық жүйесімен, жоғары жылдамдықта деректер алмасуға мүмкіндік беретін HT2300 модемімен, сондай-ақ MATLAB және ArcGIS Pro бағдарламалық кешендерімен жабдықталған. Бұл студенттерге байланыс жү-

йелерін модельдеуге, спутниктік деректерді нақты уақыт режимінде өңдеуге және тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Оқу ордасының 1978 жылғы түлегі, генерал-лейтенант Әділ Шаяхметовтің есімімен аталған жоба 2024–2029 жылдарға арналған инженерлік білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік тұжырымдама аясында жүзеге асырылды. Басты мақсат – теория мен практиканы тиімді ұштастыра отырып, экономиканың нақты секторына қажетті жоғары білікті инженер кадрлар даярлау.

Ғарыштық байланыс зертханасының елімізде тұңғыш рет ашылуы Сәтбаев университетінің еліміздегі жетекші инженерлік және ғылыми орталық ретіндегі мәртебесін айқындайтын маңызды оқиға болды.

АЛМАТЫ СПОРТШЫЛАРЫ

Милан-Кортина – 2026 Олимпиадасына
12 лицензия жеңіп алды

(Басы 1-бетте)

Төртжылдық басты додасына спортшыларын жіберген өңірлер бойынша – бұл ең жоғары көрсеткіш. Ақмола облысы да Алматымен бірдей 6 олимпиадашы аттандырады. Кейінгі орындарға Шығыс Қазақстан, Алматы облыстары, сондай-ақ Астана және Шымкент қалалары жайғасқан.

Алматылық спортшылар Қазақстан Республикасы мен Алматы қаласының атынан әлемдегі ең ірі халықаралық спорттық додалардың біріне қатысып, еліміздің қысқы спорт мектептерінің жоғары деңгейін және бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді.

– Алматылықтардың Олимпиада ойындарына қатысуы – Алматы қаласында жоғары жетістіктер спортын дамыту және болашағы зор спортшыларды қолдау бағытында жергілікті атқарушы органдардың жүйелі жұмысының нәтижесі, – деді Спорт басқармасының өкілдері.

Еске салайық, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын Ұлттық құраманың мүшелері Денис Никиша мен Аяулым Әміреноваға және Қазақстан паралимпиадалық командасының мүшесі Ербол Хамитовқа табыстады. Қазақстан Тәуелсіз мемлекет ретінде биыл қысқы Олимпиадаға тоғызыншы мәрте қатыспақ. Ұлттық құрама сапынан Италиядағы додада жалпы саны 36 спортшы (18 ер, 18 әйел) ел намысын қорғайды. Бұдан төрт жыл бұрын Қытайдың Бейжің қаласында өткен қысқы Олимпиадаға Қазақстан атынан 34 спортшы (17 ер, 17 әйел) бақ сынаған еді.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ТАЛАПТАР ТҮСІНДІРІЛДІ

Жетісу ауданы әкімдігінде Атмосфералық ауаны қорғауға қатысты жаңа талаптар түсіндірілді. Кездесуді Жетісу ауданының әкімі Ләззат Жылқыбаева ашып, жүргізіп отырды. Аталмыш іс-шара барысында мемлекеттік органдардың өкілдері, қала әкімдігі басқармаларының мамандары, аудан кәсіпкерлері және табиғатты қорғау полициясының қызметкерлері аса маңызды мәселе төңірегінде әңгіме өрбітті. Жиынның негізгі арқауы – Алматы қаласының атмосферасы, оны сақтау мақсатында қолға алынып жатқан іс-шараларды түсіндіру.



Рая
ЕСКЕНДІР

Сондықтан жиында атмосфера-лық ауаны қорғауға қатысты жаңа экологиялық талаптарды іс жүзінде түсіндіру және оларды кезең-кезеңімен енгізу тетіктеріне ерекше назар аударылды. Әсіресе, кәсіпкерлер өздерін толғандырып жүрген мәселелерді ашық көтеріп, сұрақтарын жолдады.

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының басшысы Серік Әділбаев кездесудің тек түсіндіру сипатында өткенін атап өтті.

«Біздің мін-



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

детіміз – жаңа экологиялық талаптардың мәнін жеткізу, олардың не үшін енгізіліп жатқанын түсіндіру. Бұл қысым көрсету емес, шығарындылар саласында кезең-кезеңімен тәртіп орнату мәселесі», – деді ол.

Еске ала кетерлігі, ҚР Экологиялық кодексінің 206-бабын іске асыру аясында Алматы қаласының әкімдігі атмосфералық ауаны қорғау қағидаларын әзірлеген болатын. Аталған құжат 2025 жылы 30 желтоқсанда қала мәслихатында бекітілген еді.

Жалпы, бұл құжат төрт негізгі бағытты қамтиды: автокөліктерді пайдалану тәртібін реттеу, III санаттағы нысандарға қойылатын экологиялық талаптар, шығарындылар деңгейі төмен аймақты ұйымдастыру, сондай-ақ қолайсыз метеорологиялық жағдайда мониторинг жүргі-

зу, цифрландыру және жедел әрекет ету шаралары.

Осы ретте тек Жетісу ауданында жүргізілген мониторинг нәтижесінде 213 қоғамдық тамақтану орны, коммерциялық монша мен техникалық қызмет көрсету бекеттері, сондай-ақ 76 өнеркәсіптік кәсіпорын жұмыс істейтіні анықталды. Оның ішінде 51 нысан III санатқа жатады және жиынтығында атмосфералық ауаға елеулі жүктеме түсіреді.

«Осы жылдан бастап экологиялық талаптардың сақталуына тұрақты мониторинг жүргізу көзделген. Қазірдің өзінде пайдаланылып жатқан отын мен жабдықты бағалап, экологиялық тұрғыдан тиімді шешімдерге көшуді жоспарлау маңызды. Біз бизнестің жауапты әрі саналы ұстанымына сенім артамыз», – деп сөзін түйіндеді Серік Әділбаев.



ТЕЛЕФОНҒА ТӘУЕЛДІЛІК

бала миының дамуын тежейді

(Басы 1-бетте)

– 8 жасар бала 2-3 күн қатарынан ойын ойнап, түнгі ұйқысы бұзылып, көзіне әртүрлі елестер пайда болып, сөйтіп ата-анасы бізге алып келді. Сонда жаңағы баланы көргенде ол бала жаңағы ойынның ішіне кіріп кеткен, сол ойыннан әлі шыға алмай, соның ішінде жүр. Яғни оның көз алдында елестер, әртүрлі жаңағы ойынның ішіндегі персонаждар, құлағына да дауыстар естіліп жатыр, көрдіңіз бе, бұл жерде мидың тынықпағанының нәтижесінде, – дейді ол.

Мамандардың айтуынша, мұндай жағдайда баланың жүйке жүйесі қатты әлсіреп, психикасы сыртқы факторларға төтеп бере алмай қалады.

Мінез-құлықты өзгертеді

Осындай оқиғалар күнделікті тәжірибеде жиі кездеседі. Көп ата-ана бастапқыда баласының телефонға әуестігін қалыпты жағдай деп қабылдайды. Алайда, уақыт өте келе бұл әуестік тәуелділікке айналып, мінез-құлқындағы өзгерістер күшті байқала бастайды. Алматы қаласының тұрғыны Бақыт Нуратдинова да осыны өз басынан өткергенін айтады.

– Бұрын менің екі кішкентай балам телефоннан көз алмай көп ойнайтын. Сосын біз олардың мінездерінің өзгергенін байқап, тыйым салатын болдық. Роблокс сияқты ойындарды көп балалар ойнап, мінездері өзгеріп бастады. Ашуланшақ болып кетті, тілді тыңдай алмайды, айтқанды істемейді. Сол үшін телефонның уақытын азайтып, екі сағат, бір сағат, жарты сағатқа азайтып, мүлдем қазір бермейтін болдық. Содан кейін балалардың мінезі өзгеріп, сол телефонның орнына леги ойнайды, сурет салады, билейді, өлең айтады», – дейді ол. Көпбалалы ананың айтуынша, ең бастысы – баланың көңіл күйі мен мінез-құлқы жақсарған.

Дәрігерлер, әсіресе, 1 жасқа дейінгі балаларға телефон беру аса қауіпті екенін айтады. Бұл кезеңде баланың жүйке жүйесі толық қалыптаспағандықтан, экранға ұзақ қарау сөйлеу қабілетінің кеш дамуына, зейіннің төмендеуіне және психикалық ауытқуларға себеп болуы мүмкін. Мамандар баланы жәй ғана шектеу жеткіліксіз екенін, ең бастысы, ата-ананың өзі үлгі болуы керектігін алға тартады. Сапар Рах-

меншеевтің айтуынша, қазіргі заманда балаға әншейін шектеу қою нәтиже бермейді.

– Біріншіден, балаларымызға уақыттылы көңіл бөле бастауымыз керек. Екіншіден, енді қазіргі таңда өзіміз күшпен ондай болмайды, ол кезде балалармен досы ретінде сөйлесу керек. Ол балалармен келісім жасауымыз керек. Мысалы, мектептен келгеннен кейін бір сағат тынығасың, екі сағат үй тапсырманды орындайсың, содан кейін барып ойнауға бір жарты сағат уақыт беріледі. Сонда ғана ойнайсың деген сияқты сондай келісім жасауымыз керек», – дейді ол.

Әлеуметтік желіге жас шектеуі қажет

Егер кішкентай балалар ойынға тәуелді болса, жасөспірімдер арасында әлеуметтік желіге тәуелділік айқын байқалуда. Мамандардың айтуынша, бұл жас кезеңінде балалар виртуалды ортадағы пікірге қатты тәуелді болады. Соның салдарынан кибербулинг, кибералаяқтық, психологиялық қысым сияқты қауіптер күшейіп отыр. Әлеуметтік желідегі жағымсыз контент жасөспірімнің өзін-өзі бағалауына, мінез-құлқына және болашақтағы өмірлік ұстанымына әсер етеді.

Осы қауіптердің алдын алу мақсатында елімізде 16 жасқа толмаған балалардың әлеуметтік желілерге тіркелуіне шектеу қою мәселесі көтерілді. Үкімет отырысында Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева бұл бағытта заңнамалық өзгерістер қарастырылып жатқанын мәлімдеді. Жаңа заң жобасы балалар мен жасөспірімдерді интернеттегі зиянды контенттен қорғауды, олардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді көздейді. Мамандардың пікірінше, бұл бастама – уақыт талабы.

Смартфон – қазіргі қоғамның ажырамас бөлігі. Дегенмен, ол баланың дамуын тежеп, психикасын бұзатын құралға айналмауы тиіс. Бала үшін ең маңыздысы – тірі қарым-қатынас, қозғалыс, ойын, шығармашылық. Ал егер бүгін біз бұл мәселеге салғырт қарасақ, ертең психологиялық көмекке мұқтаж ұрпақтың саны арта түсуі әбден мүмкін. Сондықтан әлеуметтік желіге жас шектеуін енгізу – тек заңдық қадам емес, болашақ ұрпақ алдындағы ортақ жауапкершілік.

Коллажты жасаған Нұрбосан ӨРІСУЛЫ.

ОЙЫННАН ОТ ШЫҚПАСЫН...

Roblox ермек пе, әлде қауіп пе?

Үнзила Шапақтың сөзінше, ата-аналар, мұғалімдер және халықаралық сарапшылар тарапынан алаңдаушылық күн санап артып келеді. Себебі, платформада бала психикасына кері әсер етуі мүмкін факторлар аз емес.

Виртуалды тәуелділік, агрессивті мінез-құлық, шынайы өмірден алшақтау, жас ерекшелігіне сай келмейтін контентпен бетпе-бет келу – мұның бәрі баланың тұлға ретінде қалыптасуына теріс ықпал етеді.

– «Ойыннан от шығар» демекші, мұндай факторлардың балалардың психологиялық дамуына ұзақ мерзімді теріс салдары болуы әбден мүмкін, – дейді депутат. Психолог Ақтолқын Әшіралиеваның айтуынша, Roblox сияқты ашық платформаларда бала өзін қауіпсіз сезінгенімен, шын мәнінде оның санасы түрлі қауіпке ашық күйде болады.

– Виртуалды ортада ұзақ отырған балада шынайы эмоция әлсірейді. Ашуланшақтық, мазасыздық, ұйқының бұзылуы жиі байқалады. Ең қауіптісі – бала виртуалды жетістікті шынайы өмірден жоғары қоя бастайды. Бұл әлеуметтік оқшаулануға алып келеді, – дейді психолог.

Маман мұндай ойындар, әсіресе,

7–12 жас аралығындағы балалар үшін қауіпті екенін айтады.

Депутат көтерген ең өзекті мәселенің бірі – Roblox платформасындағы қылмыстық тәуекелдер. Үнзила Шапақтың айтуынша, ашық платформаларда алаяқтар мен педофильдер белсенді әрекет етеді және олар арнайы ойластырылған әдісті қолданады.

Алдымен виртуалды чат арқылы баланың сеніміне кіріп, кейін Roblox-тан Telegram сияқты мессенджерлерге көшуді ұсынады. Артынша құпия кездесуге шақырып, бұл жағдай қайғылы оқиғамен аяқталуы мүмкін.

Алаяқтар да осы жолды пайдаланады. Олар балаға ойын ішіндегі сыйлықты уәде етіп, ата-анасының банк картасының нөмірін және СМС-кодты сұрайды. Бала сеніп, айтқанын орындайды. Нәтижесінде картадан ақша шешіліп алынады.

Алматылық ата-ана Шапағат Ерланқызы бұл мәселені басынан өткергенін жасырмайды.

– Қызым Roblox ойынынан шықпайтын болды. Тыйым салсаң – ашуланады, жылайды. Кейін чатта бейтаныс адамдармен сөйлесетінін байқадым. Сол кезде

ғана қауіптің қаншалықты үлкен екенін түсіндім, – дейді ол.

Қазір ата-ана баласының интернетке кіретін уақытын шектеп, барлық қосымшаны бақылауға алған.

Депутаттың айтуынша, Roblox компаниясы балалар үшін қауіпсіз орта қалыптастырамыз дегенімен, секундына 50 мыңнан астам хабарламаның ағымын толық бақылау объективті түрде мүмкін емес.

Осыған байланысты бірқатар мемлекеттер балалар қауіпсіздігі мен психологиялық дамуын алдығы орынға қойып, қатаң шешім қабылдаған. Атап айтқанда, Түркия, Қатар, Ресей, Қытай, Иран, Солтүстік Корея және өзге де елдерде Roblox платформасы бұғатталған.

Roblox – заманауи цифрлық мәдениеттің бір бөлігі. Алайда, баланың болашағы виртуалды ойынның жетегінде кетпеуі тиіс. Бұл – тек мемлекетке емес, ең алдымен ата-анаға жүктелген жауапкершілік. Экранға телмірген баланың ертеңі – бүгінгі бақылауға байланысты.

Бетті әзірлеген
Ернұр РЫСБАЙ.

Қазіргі баланың күнделікті өмірі виртуалды кеңістікпен тығыз байланысты. Таңнан кешке дейін қолынан телефон түспейтін жасөспірімдер үшін онлайн ойындар – ермек қана емес, өмір салтына айналып барады.

Сол ойындардың ішіндегі ең танымалы – Roblox. Бұл ойынды білмейтін бала жоқ деуге болады. Бірақ бұл танымалдықтың тасасында елеусіз қауіп жатқанын ересектер кеш түсініп жатқандай.

«Amanat» партиясы фракциясының депутаты Үнзила Шапақ Roblox ойын платформасының балалар психикасына кері әсері болуы мүмкін екенін айтып, Үкіметке қатаң шаралар қабылдауды, қажет болған жағдайда платформаны шектеуді ұсынды.

Депутаттың айтуынша, бүгінде Roblox платформасын күн сайын шамамен, 150 миллион адам пайдаланады. Оның негізгі аудиториясы – кәмелетке толмаған жасөспірімдер мен балалар.

– Қазіргі таңда «Roblox» сөзін білмейтін бала жоқ. Бұл – пайдаланушыларға өз ойындарын құруға, виртуалды әлемдерде қарым-қатынас жасауға және басқа ойыншылармен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік беретін халықаралық платформа, – деп атап өтті мәжілісмен.



Алатау ауданының әкімі Данияр ҚЫРЫҚБАЕВТЫҢ назарына!

УӘДЕ КӨП, НӘТИЖЕ ЖОҚ...

Алматы қаласы Алатау ауданына қарасты «Qargaly city» тұрғын үй кешенінің тұрғындары көмек сұрап, редакциямызға жүгінді. Олардың айтуынша, комфорт санатында деп ұсынылған үйлердің кіреберістері қоқысқа толып, санитарлық жағдайы көңіл көншітпей тұр. Тұрғындар қоныстанған күннен бастап жүйелі тазалық жұмыстары жүргізілмегеніне шағымданады, басты талабы – таза әрі қауіпсіз ортада өмір сүру. Алайда, бұл талапқа жауапты мекемелер тарапынан нақты әрекет байқалмай отыр.



Дана
САДЫРҚАН

Жұрттың айтуынша, тазалық қызметі тұрғындар бірнеше мәрте хабарласып, шағымданғанда ғана келеді. Ал келісімшартқа сәйкес тазалық жұмыстары апта сайын атқарылуы тиіс. Соған қарамастан, тұрғындар еденнің айына бір рет қана жуылатынын, оның өзінде қоқыстың толық жиналмайтынын айтады. Амалы таусылған жұрт кіреберістерді өзара келісіп, тазалауға мәжбүр.

Мәселе мұнымен шектелмейді. Бірнеше үйде есік қоңыраулары (домофондар) орнатылмаған, бейнебақылау камералары істемейді. Бірақ тұрғындар қызмет ақысын толық төлеп отырғанын жеткізді. Аулаға көліктердің кіріп-шығуы да реттелмеген. Электр жарығы сөнсе, барлық жүйе істен шығып, тұрғындар 2-3 күн бойы жарықсыз қалады. Кей жағдайда жылу да берілмей, пәтерлер салқындайды. «Qargaly city» тұрғын үй кешені №11 үйдің тұрғыны Еркебұлан Қабдырахов өрт қауіпсіздігі талаптарының да сақталмағанын айтады.

– Тиісті сақтық шаралары қабылданбаған, ауа сорғыш құбырлар орнатылмаған. Соның салдарынан жағымсыз иіс тарап, көмірқышқыл газы жиналады. Кейбір пәтерлерде жылу жеткіліксіз. Тұрғындар коммуналдық қызметтерге: электр қуаты, жылу, ыстық және суық суға жеке тұлға ретінде емес, заңды тұлға ретінде төлем жасауға мәжбүр. Пәтер кіреберістеріндегі жөндеу жұмыстары толық аяқталмаған. Тұрғындар қоныстанғаннан кейін жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстары қолайсыздық тудыруда. Кіреберістер мүлде тазаланбайды. Уәде көп,

нәтиже жоқ. Екі жеделсатының біреуі ғана жұмыс істейді, бірақ ақысы толық алынады, – деді Еркебұлан Қабдырахов.

Ал «Qargaly city» тұрғын үй кешенінің қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Әйгерім Ысқақова тазалық жұмыстары тазалау компаниясымен келісімшарт негізінде жүргізілетінін жеткізді. Оның айтуынша, тазалау қызметі аптасына бір рет еден жууы тиіс. Алайда, тұрғындардың төлемді уақытында жасамауына байланысты қараша айында 230 мың теңге түскен. «Бес қызметкер жұмыс істейді, 230 мың теңгені бес адамға қалай бөліп төлейміз?», – дейді ол.

Жол мәселесіне қатысты қала әкімдігіне өтініш жолда-

ныпты. Жауапты мекемелер бұл мәселе ақпан айының соңына дейін шешіледі деп уәде берген. Алайда, құрғақ уәдеден шаршаған тұрғындардың нақты нәтижені күтуден басқа амалы жоқ.

Айта кетейік, 22 қаңтарда тазалық мәселесіне байланысты тұрғындар мен тұрғын үй кооперативі өкілдері арасында жиналыс өткен. Әйтсе де, жиналыста көтерілген сұрақтардың басым бөлігі жауапсыз қалған. «1–12 блоктың белсенділері жиналып, басқа басқарушы компанияны таңдадық, олармен келісімшартқа тұрғымыз келеді. Ал қазіргі тұрғын үй кооперативі өкілдері сенімнен шықпады», – дейді Айсұлу Сүйімбекова.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ТҮНГІ РЕЙД

Алматыда компьютерлік клубтар тексерілді

Қалада комьюнити-орталықтар резиденттері компьютерлік клубтарға түнгі бақылау жүргізді.



Досбол
АТАЖАН



Алматыда кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алуға бағытталған түнгі профилактикалық рейд өтті. Мониторинг барысында түнгі уақытта жасөспірім-



дердің баруы мүмкін компьютерлік клубтарға ерекше назар аударылды. Бұл туралы Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасының өкілдері айтты.

Мониторингті қалалық комь-

юнити-орталықтардың резиденттері мен қоғам өкілдері Алматы қаласы Полиция департаментімен бірлесіп ұйымдастырды. Іс-шараның мақсаты – кәмелетке толмағандардың кешкі және түнгі уақытта қоғамдық орындарда болуын реттейтін заңнама талаптарының сақталуын бақылау, сондай-ақ жастар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу.

Рейд аясында Lord, BRO,




Vernyi, DarkNet және өзге де компьютерлік клубтар тексерілді. Мониторинг қорытындысы бойынша заңды өкілсіз жүрген кәмелетке толмағандар анықталған жоқ.

«Рейд барысында полиция қызметкерлері компьютерлік клубтарда заңды өкілсіз жүрген бірде-бір жасөспірімді анықтаған жоқ. Мұндай фактілер тіркелген жағдайда кәмелетке толмағандар Алматы қаласының Әуезов ауданы Полиция басқармасына жеткізіліп, ата-аналары немесе қамқоршылары шақырылатын еді. Ал 22.00-ден кейін жасөспірімдердің болуына жол берген мекеме иелері әкімшілік жауапкершілікке тартылады», – деді Алматы қаласы Әуезов ауданы комьюнити-орталығының

директоры Бауыржан Маханбет. Сондай-ақ, ол компьютерлік клубтарда, қоғамдық кеңістіктерде және сауда-ойын-сауық орталықтарында профилактикалық рейдтер ай сайын, тұрақты түрде өткізілетінін атап өтті.

«Өткен жылмен салыстырғанда қаңтар айы оң көрсеткішпен басталды, құқықбұзушылық тіркелген жоқ. Дегенмен, кәмелетке толмағандар мен олардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне жауапкершілікті үнемі еске салу маңызды», – деді ол.

Еске салайық, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, кәмелетке толмағандарға 23.00-ден 06.00-ге дейін заңды өкілсіз тұрғын үйден тыс жерде болуға тыйым салынады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 442-бабына сәйкес, 22.00-ден 06.00-ге дейін ойын-сауық мекемелерінде кәмелетке толмағандардың заңды өкілсіз жүруіне тыйым салынады.



«АПАЙ» – КӨП, «АҒАЙ» – АЗ

немесе ер мұғалімнің мектептегі рөлі қандай?

Біздің бала кезімізде мектепте ер мұғалім көп болатын. Білім ордасының ұзын дәлізінде кетіп бара жатып алдымыздан шыға келетін ағай-ұстаздардың алдында оғаш қылық көрсетіп қалмауға тырысатынбыз. Жүздеріне де тіктеп қарамаушы едік. Ол тұста басшылық, орынбасарлық құрамның да дені ерлерден құралатын. Ал қазір білім ошақтарында «апай» – көп, «ағай» – аз...

Бұл шын мәнінде, үлкен проблема. Бір жылдары мұғалімдердің табысы аз болды, оның үстіне қосалқы жұмыстарға көп жегілетін. Қолына сыпыртқы ұстап аула, көше тазалаған кездері де болғаны жасырын емес. Түрлі конференция, семинар залдарын толтыру үшін де мұғалім ауадай керек еді. Қазір мұндай жүктемелерден біршама арылды. Дегенмен, сарапшылардың айтуынша, жоғары оқу орнын бітірген жігіттердің көбі әлі де мектепте жұмыс істеуге бара бермейді.

Бүгінде педагогикалық оқу орындарына құжат тапсыратын талапкерлердің басым

көпшілігі – қыздар. Ата-аналардың басым көпшілігі де мұғалімдікті қыз балаға тән мамандық деп қабылдайтыны жасырын емес.

Қалай болғанда да мектептегі тәрбиеге келгенде ер адамның орны бөлек екенін әйел-ұстаздардың өзі де айтып қалып жүр. Менің ұстаз бір танысымның өзі кейбір тым «қиын» ұлдар-

ды тәртіпке бағындыра алмай әуреге түсетіндерін айтқаны бар. Ұжымда ер мұғалімдердің беделі жоғары болса, оқушылар да оларға құлақ асып, сөзіне тоқтап, ер-азаматқа тән қасиеттерді бойына сіңіріп өсері анық. Сондықтан да мектепте ерлер мен әйелдердің үлес санының бірдей болуынан ұтарымыз көп. «Мұғалімдік – әйелдердің ісі» деген стереотипті өзгерту керек шығар, бәлкім.

Мектептің білім беретін орын ғана емес, тәрбие ошағы екені сөзсіз. Ер мұғалім тек ұл бала үшін емес, қыз баланың да жан-жақты дамуына оң әсер етеді. Олар ер-азаматқа деген құрметті, мәдениетті қарым-қатынасты мектеп қабырғасынан да қалыптастырады анық. Жалпы, қазақ қоғамында ер адамды ұлықтау, оны шаңырақтың киесі, ақылдың, парасаттың иесі ретінде құрметтеу ежелден келе жатқан дәстүр. Бұл қағида білім беру саласында да жалғасын тауып жатса, одан ұтпасақ ұтылмаймыз.

Англия мен Швейцарияда ер мұғалімнің үлесі 42%-ды құраса, қай жағынан да көш басында жүретін жапондықтардың бұл реттегі бәсі де жоғары – 80%. Ал Қазақстанда бұл көрсеткіш – 20–24%. Біздегі ер мұғалімдер көбіне информатика (технология) сабағынан, әскери дайындықтан және дене шынықтырудан береді.



ҰСТАЗ ҮНІ

Елдос НҰРТАЙ,
Алматы қаласы №147 гимназияның
тарих пәні мұғалімі:

Ұстаным биік болуы керек

Иә, мектепте ер ұстаздың рөлі зор. Әсіресе, ұлдардың мінезінің, ұстанымының қалыптасуында алатын орны үлкен деп ойлаймын. Ал біздің қатарымыздың аз болуы, меніңше, материалдық жағдайға байланысты. Себебі, ер-азамат – отбасының негізгі асыраушысы. Ал бүгінгідей уақытта бір табыс көзімен бір үйлі жанды асырау мүмкін болмай жатады. Сол себептен күнкөріс үшін бірнеше жерде жұмыс істеуіне тура келеді. Дейтұрғанмен, қазіргі күні мұғалімдерге үстемеақылардың қосылуына байланысты жігіттер жағы бұл салаға бет бұрып келеді деп айта аламын.

Менің ұстаздық етіп жатқанымға көп бола қойған жоқ. Алты жылға жуықтады. Мамандығым өзіме ұнайтындықтан мектепке, балаға бойымдағы бар жақсыны алғашқы күннен-ақ

беруге ұмтылып келемін. Шәкірт-терімнің тарихқа деген қызығушылығы қуантады мені. Сондықтан сабақты тек ақпарат беру формасында емес, баланың тұлғалық дамуына бағытталған интерактивті үдеріс ретінде ұйымдастыруға ден қоямын. Әсіресе, оларға картамен жұмыс істеу ұнайтынын байқаймын. Оқушыларға тек дерекке ғана үңіліп қоймай, оны талдауына, зерделеп, салыс-тыруына, содан қорытынды шығаруына мүмкіндік беремін. Ал бұл тарихи зерттеушілік дағдысын дамытады. Тарихи тұлғаларды ашуға тырысамыз. Мұндайда кейде сабағымыз кішігірім дебатқа ұласып кететін жағдайлар да болады. Бұл тәсіл олардың сөйлеу мәдениетін, сыни ойлауын және тарихи тұрғыдан бағалай білу қабілетін дамытары сөзсіз. Тіпті, мұндай әдіс тарихи сананы қалыптастырады және өз халқының, елінің тарихына деген құрмет сезімін оятады. Біз қазір шәкірттерімізді ғылыми бағытқа көбірек баулып жатырмыз. Былтыр бір оқушым республикалық байқауда жүлде алып келді. Мұндай жетістіктер мені шабыттандыра түседі.

МҰҒАЛІМ МІНБЕРІ

«Тентек оқушыны» тезге салмақ тұрмақ...



Жуырда біздің редакциямыздың жанында орналасқан «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» филиалы Алматы облысы бойынша Кәсіби даму институтына жұмыс бабымен жолымыз түскен-ді. Орталыққа іргеміздегі өңірден білімін жетілдіруге бір топ мұғалім келіпті. Бір топқа түскен жиырма ұстаздың екеуі ғана ер адам. Сол екі

азаматтың бірі – Амантай КӘКЕНОВ, Еңбекшіқазақ ауданы, Ахмет Байтұрсынов атындағы орта мектептің математика пәні мұғалімі. Біз ауыл ұстазын да сөзге тарттық.

– Қазір мектептерде неге ер мұғалім аз? Жігіттер жағы қағаз жұмысымен айналысуға шыдай бермейді, бір себебі сол ма?

– Иә, ол рас, қатарымыз аз. Мен сізге мұның бірнеше себебін айтайын. Біріншіден, мектепте ұстаздық ету, қоғамда ер адамның мұғалім болуы ардақты мамандық ретінде қабылданбауы. Екіншіден, ер адамның отбасы асыраушысы екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан ол материалдық жағдайына қарайлайды, бір жалақыға байланып қалғысы келмейді. Үйде табысты әйелі көбірек тауып, еркегі одан аздау табатын болса, бұл да ерлі-зайыптының қарым-қатынасына әсер ететіні анық. Мұғалімнің айлығын көтеру мәселесін әлі де қарастыру керек деп ойлаймын. Үшіншіден, мектептегі қағазбастылық, бітпейтін есеп-қисап. Бұл тіпті басты мәселе. Ең қызығы, бізде іс жүргізу процесі электронды түрде болғанымен, қағаз жүзінде де талап ету үрдісі әлі бар. Төртіншіден, оқушы мен мұғалім арасындағы қатынастың заңдық негізі толық орындалмайды. Мәселен, оқушының құқығы мықты жазылған да, оның мектеп ішіндегі жүру, тұру, өзін-өзі ұстау міндеттерін сақтау жағына келгенде заңнама үнсіз. Қазір «тентек оқушыны» тезге салмақ тұрмақ, бетіне қарауға болмайды, сөз көтермейді. Сосын ата-анасы жетіп келеді мектепке. Осыдан кейін мұғалімнің беделі қайдан болсын?! Бесіншіден, мектептегі жағдайдың адам жүйкесіне түсірер салмағының ауырлығы. Әдетте, мұндайда әйел адамның төзімділігі жоғары. Ал ерлердің төзімділігі кемшіндеу екені белгілі. Мұғалімдердің көпшілігі жүйкеге шамадан тыс күш түскендіктен зейнет жасына жете алмай инсульт, инфаркт алып, тіпті өмірден ерте кетіп жатқаны белгілі.

– Ер мұғалім ұл баланың тәрбиесіне қаншалықты әсер етеді? Қыз балаға да ықпалы бар деп ойлайсыз ба?

– Әрине, ер мұғалімнің мектепте ер балалар үшін тәрбиелік мәні зор. Ұл үшін ер мұғалім әкесі болмаса да, рухани еліктейтін тұлғасы болуы мүмкін. Бала «айтқанды емес, істегенінді істейді» деген сөздің жаны бар. Сондықтан ол айналасынан көргенін қайталайды, еліктейді. Ер мұғалімнің қыз бала үшін де «бет түзейтін құбыласы» болуы мүмкін. Мәселен, алдында ер адам отыр ғой деп өз сөзіне, ойына, бойына, жүріс-тұрысына мән беріп жатса, жаман ба?!

– Қазіргі кейбір оқушы ұлдарда ерік-жігер, күш-қайрат, мінез байқалмайды дегенге келісесіз бе?

– Иә, келісуге болады. Бұның бір себебі, қоғамдағы заңнаманың біржақтылығы деп есептеймін. Мектепте ата-анасы ажырасқан бала көп кездеседі. Олардың психологиялық жағдайына үңілсең, біраз жайтқа куә боласың. Ажырасқан жағдайда бала анасының қамқорлығында қалады да, әке олар үшін «жаман» адамға айналып шыға келеді. Осыдан келіп әлеуметтік проблема туындайды. Ұл анасымен қалғандықтан ортадан оқшауланады, тұйықталады, өзін төмен санайды, шешесінің мінез-құлқына қарай бейімделеді де, қызмінезді, әлжуаз ұрпақ өсіп-жетіледі. Жасөспірімнің физиологиясының дамуы кезінде өзін қыз бала сияқты сезінуі осыдан деп ойламын. Бұл біздің қоғам болып ойланатын, реттейтін мәселе. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп бекер айтылмаса керек. Қазір біз «гендерлік саясат» деп ер адамның рөлін төмендетіп жібердік. Бұл – басты қателік. Бұл заңды да сүзгіден өткізу керек.



САТИРА САРДАРЫ

Темірбек Қожакеев қалдырған із қандай еді?

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Журналистика факультеті Кеңес Одағы кезінен бері БАҚ-тың бақшасына сан мыңдаған түлек ұшырған қара шаңырақ болды. Сол қарашаңырақтың туының жығылмай келе жатуы бір кездері аға буынның қалыптастырып кеткен мектептерінің нәтижесі болса керек. Факультет қана емес, университет өмірінде ерекше із қалдырған сондай жандардың бірі, «Сатираның сардары» атанған, филология ғылымының докторы, профессор – Темірбек Қожакеев.

«Қожакеев жақын келіп, тілге келгенше оның сұсы да, мысы да басып тұрады екен. Ал әзілдеп сөйлеп, аңқылдап студенттер арасына кіргенде әңгімелеріне құлағыңның құрышы қанатын бопты. Аудиторияда арғы-бергі тарихты қозғап, ағыла жөнелгенде, күлдіре сөйлеп, дәріс оқығанда жаңағы қатқыл мінез, суық адамның ізі де қалмайтын» дейді көзін көргендер. Әр сөзі, әрбір сөз тіркесі тіліп түсетін өткір пышақтай, жазғаны дөп, сатира жанрының хас шебері еді деп ұстаздарымыз ауыздарынан тастамайтын.

Ғұлама ғалым сатира сілемдерін сонау ауыз әдебиетінің қатпарларынан іздеген. Сонау ежелгі дүниеден өткен би, шешендерден бастап, кейінгі жазба әдебиетінің негізін қалаушылары саналатын Абай, Ыбырай, Бейімбетке дейінгі қазақ сатира-сының дәуірін зерттеген, ғылыми айналымға түсіріп, теориялық базасын жасаған, сатиралық ғылыми мектептің іргетасын қалаған. Осы жолда «Қазақ сатирасы», «Абай – сатирик», «Сатира және дәуір», «Сатира-күштілер қаруы», «Сатиралық жанрлар» атты бірнеше ғылыми еңбектері жарыққа шыққан.

Қазақ сатирасы мен юморының тарихын, табиғатын тұңғыш зерттеген де сол ғұлама еді. Оған дәлел, оның қазақ сатирасының шығу тегіне байланысты «Қазақ-тың халық сатирасы» (1968 ж.) атты еңбегінде сатираны ауыз әдебиетінің әр жанрынан, тіпті тұрмыс-салт жырларынан іздеп, табуы. Сықақ-күлкі, әзіл-оспақ

халықтың көңіл күйінің көтерілген сәтінде, әсіресе, жиын, думанда келін түсіру, қыз ұзату, беташарда, жар-жарда жиі ұшырасады дейді ғалым.

«Абай – сатирик» атты еңбегінде Абай жасаған сатираларды формасы жағынан үш топқа жіктеуге болатынын айтқан. Оның біріншісі тұрмыстық эпиграммалар. Бұлар өзінің құрбы-құрдастарына, қыз-жеңгелеріне арналған бірқақпайлар түрінде келеді дейді. Олар өз замандастарының бойындағы кемшіліктерді, әзіл-шынын араластыра отырып сынап, шенеп жазады, осы арқылы жеке бастағы ұнамсыз мінез құлықтан арылып отырады деп сатира әсерін сипаттайды. Соның бірі деп кемшін міндерді сипаттатпау эпиграмма-сындағы Жамантайұлы Көжекбайдың өсекшілдігін, бірді бірге қағыстырып, ел арасын бұлдіріп жүретін мінезін сықақтаған тұсқа тоқталады: «Әркімге өсек тасып безектеген. Шіркінде ес болсайшы, сезет деген» сынды жолдар арқылы автор Көжекбай тұлғасын, бітімін ащы болса да, «безектеген» деген сөз арқылы жеткізе білген деп жазады Қожакеев.

Мыңмен жалғыз алысқан ақынның өз дәуірінің қатал сыншысы ғана емес, елдегі сорақылықтардың бітіспес міншісі де болғанын, ол жалпы әдебиетті ғана емес, оның сатира, юмор саласын да жаңа белеске көтергеніне тоқталады. Қазақ сатирасының туу, даму, 1917–1925 жылдардағы қалыптасу дәуірін С.Сейфулин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, А.Сегізбаев сынды жазушылар шығармашылықтарымен байланыстыра, сатиралық тұстарын ұтымды көрсете отырып зерттейді. Ол тек, Абайдың ғана емес, бірнеше ақын, жазушының сатиралық болмысын алғаш жіктеп жазған ғалым.

2002 жылы жарық көрген «Шалқу



сөздер мен шаншу сөздер» атты кітабы оның кейінгі жылдардағы еңбегінің жемісі. Қашан да қолындағы қаламын қару деп білген сатирик ғалым, қоғамның кеселі жемқорлар мен екіжүзді өтірікшілер деп танып, оларға қарсы ымырасыз күрес майданын ашқан. Осы кітаптағы журналистік кадр, саясаттағы қырағылық, замандастарының, әріптестерінің қулық-сұмдықтары туралы жазған шымшу сөздері нағыз сатираның сарбазы екенін танытады. Соның бірінде сатирик:

«...Қараңыздаршы, өмірде жападан жалпақ бастар, қалқайған қалпақ бастар, теңселіп тұрған қалтыр бастар, маса тайып жығылар жылтыр бастар, шаш көрмеген тақыр бастар, иық зорға көтерер бастар, иегінен төбесіне дейін құлап келер ұзын бастар, жүн-жұрқалы бастар да кездесе береді. Құдайдың мырзалық қып менің

бастығыма бұйыртқаны – осы қол тоқпақтай ғана соқпақ бас, сидаң денеге қондыра салған шошақ бас. Бастан қыссам да, баса жағынан жарылқайын деп құдай-екең оған сорайтып бой берген, өз пайдасын ойлар ой берген. Қазір оның атақ десе – атағы бар, мардымсып мұрын шүйіріп отырар биік тағы бар. Ол ешкі басымен-ақ өз пайдасын біліп жүр, иномарка мініп жүр, мұртынан күліп жүр. Құдайға шүкір деп, несібесін теріп жүр. Қойдың мықтысы қошқар болса, отарды ешкі бастайды емес пе? Біздің ғылым, білім мекемесін ешкібас бастық бастауда. Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен-ақ дегеніне жете береді, кез келгенге сөзі өте береді» деп шеней келіп, саладағы кемкетікті астарлап жеткізе кетеді.

Сатира, күлкі дегеніміз не? Ол – адамдардың өмір серігі. Осы арқылы адам өзінің жан-дүниесін, көңіл күйін білдіреді, ойы, сезімі, күйініші, қуанышы, не көз жасы ретінде, не күлкі ретінде сыртқа шығады. Адам табиғатының осы екі сәтсіз күлкі туралы әңгіме болуы мүмкін емес. Өмір бар жерде – күлкі бар, әжуа бар. Оны ғылым тілімен сөйлету, ғылыми айналымға салып, табиғатын түсіндіру тек шебердің шеберінің ғана қолынан келетін іс. Темірбек Қожакеев сондай майталман жандардың бірі. Атақты Сырбай ақынның:

Күлкі көрем көгілдір көл бетінен,
Күлкі көрем аспаннан, жер бетінен.
Күлкі, күлкі, жан-жағым толған күлкі,
Күлкіменен дүние тербетілген,
деуі де бекер емес шығар. Шындығы сатирасыз өмір жоқ дегенге саяды.

Фарица КУРБАНБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университеті, Журналистика
факультетінің 3-курс студенті.

ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН АЛАҢ

Шетелдік тәжірибе Алматыда жүзеге асырылуда

XXI ғасырдағы білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістер кезеңін бастан өткеріп отыр. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымы, еңбек нарығының талаптары, технологиялық серпіліс пен цифрландыру білім беру мазмұнына жаңа міндеттер жүктейді. Бұл жағдайда оқушыға тек академиялық білім беру жеткіліксіз екені анық байқалды. Алдыңғы қатарға тұлғаның икемділігі, коммуникациясы, шығармашылық ойлауы, дербес шешім қабылдай алу қабілеті шықты. Осы тұрғыда қосымша білім беру жүйесі формалды оқытудың шеңберінен шығып, білім саясатының стратегиялық тетігіне айналып келеді.



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, дәл осы сала оқушының әлеуетін толық ашуға, білім мен өмір арасындағы байланысты нығайтуға мүмкіндік береді. Алматы қаласында өткен қалалық семинар қосымша білім берудің мазмұнын жаңғырту, оны халықаралық модельдермен сабақтастыру мәселелеріне арналды. Семинар бағдарламасында ұсынылған идеялар Эстония мен Финляндияның озық тәжірибесіне сүйеніп, қазақстандық контексте іске асыру жолдарын қарастыруға бағытталды.

Бұл жиынды Алмалы ауданындағы Гүлмира Көкебаева басшылық етіп отырған №124 мектеп ұжымы мен Раушан Иса-

бекова басшылық етіп отырған №33 кітапхана ұйымдастырды. Жалпы, қосымша білім беру – оқушының мектеп бағдарламасынан тыс уақытта алған білімін, дағдысын және тәжірибесін дамытуға бағытталған жүйе. Ол ең алдымен, формалды білімді толықтырады, әрине оның көшірмесі емес. Ал оның негізгі айырмашылығы – еркіндік пен вариативтілік. Бұл тұрғыда OECD және UNESCO зерттеулерінде қосымша білім беру туралы тұлғалық дамудың негізгі алаңы, әлеуметтік теңсіздікті азайтудың құралы, өмір бойы білім алу мәдениетін қалыптастырушы фактор ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, қосымша білім беру жүйесі әу бастан оқушының өз қызығушылығын анықтауға, қабілетін сынауға, сосын кәсіби бағдар алуына мүмкіндік береді.

Эстония әдісі

Әлемдік білім кеңістігінде Эстония – білім беруді цифрландыруды мемлекеттік деңгейде жүйелі жүргізген елдердің бірі. Бұл елде қосымша білім беру ұғымы мектеппен тығыз байланысты. Сонымен қатар, цифрлық платформалар арқылы қолжетімді әрі жобалық қызметке негізделген. Эстониялық модель бойынша кез келген оқушы білім алудың субъектісі. Сонымен қатар, оқу процесінің белсенді қатысушысы. Мәселен, PISA халықаралық зерттеулерінің нәтижелері Эстония оқушыларының функционалдық сауаттылығы, сыни ойлау қабілеті, проблеманы шешу дағдылары жоғары деңгейде екенін көрсетіп отыр.

Финляндия үлгісі

Финляндияның білім беру жүйесі әлемдік педагогикада ерекше орын алады. Бұл елде қосымша білім беру – баланың психологиялық жайлылығына, ішкі мотивациясына, жеке даму қарқынына негізделген екен. Яғни Фин педагогикасы бойынша баға – басты өлшем емес, ал қателесу – үйренудің табиғи бөлігі деп саналады. Бұл елде



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлмира КӨКЕБАЕВА, №124 мектеп басшысы:

– Қазақстанда қосымша білім беру жүйесі дамып келеді. Қосымша білім беру дегеніңіз, уақытша тренд емес, бұл ұзақ мерзімді инвестиция. Эстония мен Финляндия тәжірибесі оның білім сапасына, тұлғалық дамуға, қоғамның интеллектуалдық әлеуетіне тікелей әсер ететінін дәлелдеді.

Қазіргі қоғамда ақпаратты білу жеткіліксіз, оны жеткізе білу маңызды. Сондықтан қосымша білім беру бағдарламаларында пікірталас, презентация, топтық жұмыс, көпшілік алдында сөйлеу дағдыларына ерекше мән беріледі. Қосымша білім беру жүйесінде педагог ақпарат жеткізуші емес, ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді.

шығармашылық – ең басты міндетті элемент. Сондай-ақ, бұл елдің әдістемесі бойынша қосымша білім беру орталықтары

оқушыны қысымсыз ортада дамытуға, тәжірибе арқылы үйретуге, өзіндік пікір қалыптастыруға бағытталған.



ҚАРЖЫ СЕКТОРЫ

КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ: кім және қалай төлейді?

Биыл елімізде корпоративтік табыс салығына (КТС) қатысты өзгерістер күшіне енді. Жаңа Салық кодексіндегі негізгі жаңашылдық туралы Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің камералдық мониторинг басқармасының басшысы Дәурен Қаймұхаметов баяндады.



Нұржамал
ӘЛІШ

Корпоративтік табыс салығы бұрынғыдай бюджет кірісінің негізгі көзінің бірі болып қалды. Оны төлейтіндер – Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары, сондай-ақ тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын немесе ҚР-дағы көздерден табыс алатын бейрезиденттер. Бұл ретте мемлекеттік мекемелер КТС төлеуден босатылған, орта білім беретін мемлекеттік мектептер салық төлеуші емес ұйым қатарынан шығарылды.

Негізгі жаңашылдықтың бірі – сараланған мөлшерлемелердің енгізілуі. Базалық мөлшерлеме 20% деңгейінде сақталғанымен, кейбір салада ол өзгертілді. Банктік қызмет (бизнеске кредит беруді қоспағанда) пен ойын бизнесіне 25% мөлшерлеме бойынша салық салынады. Білім беру мен медицинаны қоса алғанда, әлеуметтік салаға мөлшерлеме биыл 5% болып белгіленіп, 2027 жылдан бастап 10%-ға дейін өседі. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер – 3%, ал ауыл шаруашылығы кооперативтері 6% төлейді.

Жаңа Салық кодексінде КТС бөлімі қайта құрылды: кірістер мен шегерімдер қызмет түрлері бойынша жүйеленді, ал жиынтық жылдық табысқа енгізілмейтін кірістер жеке баптарға бөлінді. Сондай-ақ, цифрлық активтерден, майнингтен, цифрлық биржалардан алынатын пайда, көмірсутектермен операциялар, полигондардың жою қорлары қаражатын нысаналы емес пайдалану нәтижесіндегі табыс және қорлар құнының өсімінен түсетін табыс сияқты кірістердің жаңа түрлері бекітілді.

ҚКС бойынша, басқару органдары мүшелерінің іссапар шығындарын өтеу, өзара байланысты бейрезиденттермен операция-

лар, есептен шығарылған талаптар және кейінгі шығыстар бойынша жекелеген шегерімдер егжей-тегжейлі регламенттелді. Сонымен қатар, негізгі құралдар бойынша қолданыстағы амортизация нормалары сақталып, жөндеу шығыстарын есепке алудың тәртібін таңдауға – бір жолғы шегеру немесе активтің құнын арттыру арқылы құқық берілді.

• «Сонымен бірге, шегерімге жатпайтын шығыстарға қойылатын талаптар қатаңдатылды. Жалған операциялар бойынша шығындар, сондай-ақ декларация негізіндегі оңайлатылған салық режимін қолданатын тұлғалардан сатып алынған тауарлар мен қызметтерге жұмсалған шығыстар есепке алынбайды», – деп атап өтті Дәурен Қаймұхаметов.

Салық салынатын табысты азайту тәртібі де өзгерді. Атап айтқанда, лизингтік сыйақылар бойынша азайту көлемі қысқартылды, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша кірістер алынып тасталды, бірақ борыштық құралдар құнының өсімінен алынатын табыс қосылды.

Ғылым саласындағы бизнеске берілетін ынталандыру айтарлықтай күшейіп, ҒЗТҚЖ-ға (НИОКР) жұмсалған шығыстар бойынша шегерім 50%-дан 200%-ға дейін ұлғайтылды.

Алғаш рет қызмет түрлері бойынша залалдар егжей-тегжейлі регламенттеліп, оларды көшіру мен өтеу тәртібі белгіленді. Сонымен қатар, КТС бойынша бірқатар салықтық жеңілдіктер жойылды. Оның ішінде банктерге, ұлттық компанияларға арналған жекелеген преференциялар және

қайта ұйымдастыру кезіндегі инвестициялық жеңілдіктер бар. Дегенмен, арнаулы экономикалық аймақтар үшін, Astana Hub қатысушыларына, инвестициялық жобаларға, теңіз тасымалдаушылар мен ұлттық фильмдердің құқық иелеріне арналған негізгі жеңілдіктер сақталды.

• «Мүгедектігі бар адамдар жұмыс істейтін ұйымдарға ерекше назар аударылды. Олар үшін қызметкерлер саны, кірістер құрылымы мен еңбекақы қоры бойынша критерийлер қатаң сақталған жағдайда салық жеңілдігі қалдырылды. Мүгедектігі бар қызметкерлердің санына байланысты мұндай ұйымдар КТС-ті 50%-ға азайтуға немесе салықтан толық босатылуға құқылы», – деді Дәурен Қаймұхаметов.

Сондай-ақ, КТС бойынша аванстық төлемдерді төлеу тәртібі өзгертілді. Оларды төлеу шегі 600 мың айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін ұлғайтылды. Декларация тапсырылғанға дейін аванстық төлемдерді есептеу нысаны алынып тасталды. Ал бірінші тоқсан үшін есептеуді енді мемлекеттік кірістер органдары жүргізеді. Бұдан бөлек, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап ірі кәсіпкерлік субъектілерінің барлығы КТС-ті тек республикалық бюджетке төлейді. Бұл бюджеттік сыныптама кодтарының өзгеруіне әкелді.

Спикердің айтуынша, жаңа жағдайларда қателіктерге жол бермеу үшін салық төлеушілерге салықты төлеу кезінде есептелген сомалар мен бюджеттік сыныптама кодтарын мұқият тексеру ұсынылады.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

НЕГІЗГІ ДРАЙВЕР

Алматының 2026–2030 жылдарға арналған Даму жоспарындағы негізгі ұстаным, яғни қаланың басты басымдығы – ұзақ мерзімді дамудың негізі саналатын экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету. Осы бағыттағы жұмыстар басталып та кетті.



ИНВЕСТИЦИЯ

Ал былтыр шаһарда іскерлік белсенділік әдеттегі жоғары деңгейін сақтап, инвестициялық серпін оң бағытта дамыды. 11 айдың қорытындысы бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор 11,4% болып, 2024 жылдың осы кезеңіндегі көрсеткіштен асып

түсті. Экономикалық өсімнің негізгі драйверлері – құрылыс (38,3%), көлік саласы (21,5%) және өңдеу өнеркәсібі (16,8%).

Жыл ішінде жалпы құны шамамен, 500 млрд. теңге болатын 12 ірі инвестициялық жоба іске қосылды. Олардың қатарында Naval, Chery және Changan маркалы жеңіл автокөліктер шығаратын мультибрендті зауыт, автокөлік шиналарын резеңке үгіндісіне қайта өңдеу зауыты, шыны ыдыс өндіретін кәсіпорын, сондай-ақ күн модульдерін шығару жобалары бар.



ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

ШОБ биыл да Алматы экономикасының негізгі драйвері болып қала береді. Бұл сектор жалпы өңірлік өнімнің шамамен, 60%-ын және жергілікті бюджетке түсетін кірістердің басым бөлігін қамтамасыз етіп отыр. Қаладағы еңбекке

қабілетті халықтың шамамен, 90%-ы, яғни 1 миллионнан астам адам шағын және орта бизнес саласында жұмыспен қамтылған. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 9,4%-ға өсіп, 387 мыңға жетті. Кәсіпкерлікті қолдау және оны одан әрі дамыту мақсатында 2025 жылы бюджеттен 50,8 млрд. теңге бөлініп, 1 мыңнан астам жобаға қолдау көрсетілді.

2030 жылға қарай қаланың ЖӨӨ көлемін екі есеге ұлғайту, инвестиция көлемін 7 трлн. теңгеге жеткізу және шағын және орта бизнестің үлесін 65%-ға дейін арттыру жоспарланған.



ТУРИЗМ

Алматы жетекші туристік бағыттардың бірі ретіндегі өз позициясын нығайтып келеді. CNN Travel нұсқасы бойынша мегаполис 2025 жылы әлемдегі ең үздік 25 туристік бағыттың қатарына енгенін бұдан бұрын хабарлағанбыз.

Былырғы 9 айда қаламызға 1,9 млн. турист келді, оның ішінде 563 мың адам – шетелдік қонақтар. Көрсетілген туристік қызмет көлемі 17,4%-ға артып, 82,4 млрд. теңгеге жетті. Бұл көрсеткіштер қаланың тартымдылығы артып, туристік инфрақұрылымның жүйелі түрде дамып келе жатқанын айқын көрсетеді.

Жоғарыда айтылған Даму жоспары аясында Алматы тау кластерін дамыту жөнінде ауқымды іс-шаралар қамтылған: 350 км тау соқпағын көркейту, аспалы жолдар желісін кеңейту, тау-шаңғы инфрақұрылымының қабылдау қуатын 5 есеге арттыру көзделген. 2030 жылға қарай қалада 7 мың нөмірге арналған 60 орналастыру нысаны салынады.



ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТ

Бүгінде Алматы бюджеті негізінен жергілікті түсімдер есебінен қалыптасады. Қала республикалық бюджеттің негізгі донорларының бірі болып қала береді, жалпы кірістің бестен бірінен астамын қамтамасыз етіп отыр. Сонымен қатар, қала бюджетінен алынатын қаражат

көлемі айтарлықтай артқан. 2025 жылы 250 млрд. теңгеден 2026 жылы 491 млрд. теңгеге дейін өсті.

Жалпы, алдағы үш жылда республикалық бюджетке шамамен, 1,8 трлн. теңге аударылады. Бұл алдыңғы үш жылдық кезеңмен салыстырғанда, 2,6 есе көп.

2026 жылы жергілікті бюджеттің шығысы 2,8 трлн. теңге көлемінде жоспарланған, оның үштен бірі – 850 млрд. теңге экономикалық өсімді ынталандыруға бағытталады.

Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА

Алматыда инклюзивті білім беру жүйесі кеңейіп келеді

цияларды өткізіп отырады. Былтыр қала мектептерінің 600 педагогы біліктілікті арттыру курсынан өтсе, олардың қатарында 200 мектеп басшысы, 200 арнайы педагог және 200 пән мұғалімі болды. Бұдан өзге, 2025-2026 жылдары инклюзивті білім беруді іске асыратын жалпы білім беретін мектептердің 600 педагогы үшін біліктілік курсы өткізілмекші.

Өткен оқу жылында Алматы қаласында 2437 бала инклюзивті білім алды. Олармен бірге аутизм диагнозы қойылған 77 бала бірге болды. Бұл балалар тарапынан немесе олардың ата-анасынан еш шағым түспеген көрінеді. Яғни балалар өзге балалардан қандай да бір қысым, кемсітушілік сынды жат әдеттерді байқамаған. Өздерін сол ортада еркін сезінген.

Ал №10 мектеп – қаламызда инклюзивті білім беруді қолға алған алғашқы мектеп. Содан болар, мұнда келуші балалардың саны да жылдан-жылға артып келеді. Әрі бұл мектеп инклюзивті білім беру бойынша ресурстық орталық болып саналады. Мұнда инклюзивті білім беру бойынша 49 мұғалім жұмыс істейді, олар ресурстық орталық мамандары және сыныптардағы пән мұғалімдері.

Инклюзивті білім беру – дені сау балалар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды бірлесіп оқыту түрі. Яғни балалардың денсаулық жағдайына қарамастан,

білім берудің барлық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтиды. Жүйенің басты мақсаты – әр баланың әлеуетін ашуға мүмкіндік беру. Ол баланың эмоционалдық, әлеуметтік және білім беру қажеттіліктерін толық қамтуды көздейді. Бұл – қоғамдағы төзімділік пен өзара түсіністіктің негізі.

Арнайы білім әр баламен жеке жұмыс жасауды, әр балаға назар аударуды қажет етеді. Сондықтан педагогтер оқытатын жоғары оқу орындарының бағдарламаларына «инклюзивті білім беру» модулін қосу жоспарланып, педагогтер үшін біліктілікті арттырудың жаңа курстары әзірленді. Бұған қоса, мектептерде 700-ден астам инклюзияны қолдау кабинеті жұмыс істейді. Мәселен, 2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша Қазақстанда 7000-нан астам мектептің 80%-ға жуығы инклюзивті білім беруге белгілі бір деңгейде жағдай жасалған.

Қазіргі таңда қала мектептерінде 196 психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеті жұмыс істейді. Сонымен қатар, 8 тірек мектеп пен жаңадан ашылған 8 «Инклюзивті академия» құзыреттілік орталығы мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетіп жатыр. Жалпы, бұл құрылымдар педагогтерге, оқушыларға және ата-аналарға бағытталған кешенді қолдау жүйесін құрайды.

Дәл қазір Алматы қаласындағы 212 мектепте педагог-ассистенттер жұмыс істесе, олар психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің құрамына енеді. Қаламыздағы барлық мектепте педагог-психолог, логопед, дефектолог және әлеуметтік педагогпен құралған арнайы мамандар тобы жұмыс істейді. Бұл мамандар баланың жеке даму жоспарын жасап, ата-аналармен және мұғалімдермен бірлесе отырып жұмыс атқарады.

Қазіргі таңда мамандардың мүмкіндігі шектеулі балалармен (церебральды сал ауруы, соқыр, саңырау және мылқау, ақыл-ой кемістігі жеңіл) жұмысының кадрлық мәселесін шешу үшін Қазақстанда дефектолог мамандарды оқыту географиясы кеңейтілді. Мұндай мамандарды еліміздегі 17 жоғары оқу орны дайындайды. Ал педагогтер болса осы бағыт бойынша қайта даярлаудан өтеді.

Бұл тұрғыда Алматы мектептерінде барлық жағдай жасалған. Мәселен, мектептерде ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға арналған пандустар, көтергіш құрылғылар, арнайы парталар мен тактильдік жолақтар орнатылған. Сонымен қатар, көру және есту қабілеті бұзылған оқушылар үшін дыбыстық және визуалды сигнализациялар қарастырылған. Бұл олардың қауіпсіздігін қадағалау үшін жасалған қадамдар.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Нұрлан СҮЙІН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

2026 жылғы 2 ақпаннан бастап «Almaty aqshamy» газетіне жеке және жеңілдетілген тариф бойынша баспа құны негізінде редакция арқылы жазыла аласыздар. Газеттің әрбір санын редакциядан өзіңіз келіп алып отырсыздар.

Мекенжайымыз: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А. Тарату және жарнама бөлімі.

Жазылу жұмыс күндері (дүйсенбі–жұма) редакцияның бухгалтериясында қолма-қол төлем жасау арқылы жүзеге асырылады. Жазылу кезінде жеке басын және әлеуметтік (жеңілдік) мәртебесін растайтын құжаттарды ұсыну қажет. Төлем жасалғаннан кейін бухгалтерия тарапынан жазылу мерзімі көрсетілген растайтын құжат беріледі.

Жеке жазылушылар үшін жазылу бағасы:

- **1** айға – **640** теңге.
- **3** айға – **1920** теңге.
- **6** айға – **3840** теңге.
- **12** айға – **7680** теңге.

Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға және көпбалалы отбасыларға арналған жеңілдетілген жазылу құны:

- **1** айға – **500** теңге.
- **3** айға – **1500** теңге.
- **6** айға – **3000** теңге.
- **12** айға – **6000** теңге.

Барлық сұрақтар бойынша тарату және жарнама бөліміне хабарласуларыңызға болады:

8 (727) 293-08-12. 8 (727) 293-08-25. 8 708 592 02 25. 8 707 766 80 00.

Қоңыраулар жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін қабылданады.



«Alatau Aqparat» медиахолдингі Алматы қаласы Аумақтық сайлау комиссиясының төрайымы Қалықова Айгүл Оразқызына бауыры

Асылбек Оразұлы БЕРКІМБАЕВТЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы қаласы Аумақтық сайлау комиссиясы, сондай-ақ оған қарасты барлық аудандық сайлау комиссиясының мүшелері Алматы қаласы Аумақтық сайлау комиссиясының төрайымы Қалықова Айгүл Оразқызына бауыры

Асылбек Оразұлы БЕРКІМБАЕВТЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«ҒАСЫРЛАР ПЕРНЕСІ»

Алматыда Ахмет Жұбановтың 120 жылдығына орай концерт өтті

Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінде «Ғасырлар пернесі» атты концерт өтті. Мерекелік кеш академик, қазақ музыка өнерінің кәсіби негізін қалаушы Ахмет Жұбановтың 120 жылдық мерейтойына арналды.

Бағдарламада композитордың күйлері мен әндері, Латиф Хамидимен бірлесіп жазған операсынан үзінділер, сондай-ақ Құрманғазы атындағы оркестрмен бірге өнер көрсететін солистердің орындауы болды. Солардың қатарында Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының солисі Айдос Жабағин де бар. Оркестр тізгінін менен бөлек, мәдениет саласының үздігі Ерлан Дәуренбеков пен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұркен Әшіров ұстады. Репертуарға Ахмет Жұбановтың халық әндері мен күйлері енгізілді. Музыкалық ұжым Жаңа жылдан бері асқан жауапкершілікпен дайындалды. Сахнада 80-ге жуық әртіс өнер көрсетті, – деді Абылай Тілепберген.

Мерейтой аясында ҚР Ұлттық орталық музейінің құрамындағы Ахмет және Ғазиза Жұбановтардың мемориалдық музейінің «Ұлт рухын асқақтатқан тұлға» атты көрме ұйымдастырылды.

– Көрменің мақсаты – қазақ музыкасының ұлы тұлғасы, композитор, академик, әйгілі дирижер, ғалым, қоғам қайраткері Ахмет Жұбановтың өмір жолы мен мол шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттау. Көрме арқылы келушілерге қазақ музыкасының даму тарихына Ахмет Жұбановтың қосқан өл-



шеусіз үлесін кеңінен таныстырып, рухани-мәдени құндылықтарды дәріптеу көзделді. Ұлтқа адал қызмет еткеннің дәлелі – 1950 жылғы неміс баспа машинасы. Бұл құралға қазақ әріптері енгізілген. Экспозицияда Ахмет Жұбановтың өмірі мен шығармашылығына қатысты мұрағаттық құжаттар, сирек фотосуреттер, қолжазбалар, ноталық еңбектер, кітаптар, жеке заттар, сондай-

ақ оның замандастары мен шәкірттері туралы материалдар көпшілік назарына ұсынылды, – деді мұражай жетекшісі Рысқұл Сағатқызы.

Аталған мәдени іс-шара Ахмет Жұбановтың қазақ кәсіби музыкасының қалыптасуы мен дамуына қосқан өлшеусіз үлесін кеңінен насихаттап, ұлттық өнердің рухани құндылығын тағы бір мәрте айқындады.



Дана
САДЫРҚАН

Биыл Қазақ КСР Халық әртісі, көрнекті ғалым, композитор, дирижер, өнертану ғылымының докторы, профессор, академик Ахмет Жұбановтың туғанына 120 жыл. Ол 1934 жылы 11 адамнан тұратын домбырашылар ансамблінің негізінде бүгінде әйгілі Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрін құрып, алғашқы көркемдік жетекшісі әрі бас дирижері болды. Ғалым ұлттық музыкаға терең ғылыми зерттеулер жүргізіп, қазақтың күй өнерін жаһанға танытты.

Концертті оркестрдің бас дирижері, «Құрмет» орденінің иегері Абылай Тілепберген басқарды.

– Концерт Ахмет Жұбановқа тағзым ретінде оның өз репертуарынан бастал-

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Нәсілшілдік: көрінбейтін соққы



Асау толқынды ерттеп мінген

Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.